



Автор: Кушкимбаева Фарида Ерахметкызы

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану

Тақырып: Ондық бөлшектерді қосу және азайту

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.2.27 ондық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: оқушыларға ондық бөлшектерді қосу, азайту ережелері бойынша есептер шығару; Қасиеттерін беру; алған білімдерін тиянақтау, тексеру; өткен материалдарды толық пысықтату Оқушылардың басым бөлігі: Топ жұмысына араласуға дағдыланады Өздігінен білім алып, нәтиже шығаруға үйренеді. Өзін-өзі реттеу түсініктері қалыптасады. Кейбір оқушылар: ондық бөлшектерді қосужәне азайту ережесін айта білу, білімдерін логикалық оймен іске асыра білу
Тілдік мақсаттар:	Ондық бөлшекке қолданылатын амалдардың алгоритмін түсіндіреді Лексика және терминология: □ бүтін бөлігі, бөлшек бөлігі; □ ондық бөлшек; □ үтірмен ажыратылған цифрлар саны; □ үтірден кейінгі цифрлар саны; □ ондық, жүздік, мыңдық т.с.с. бөліктер; □ санды разрядтарға жіктеу; □ разрядтық бірліктер; □ ондық сандар.
Күтілетін нәтиже:	қабілетті де дарынды оқушылар тапсырмаларды толық меңгере алады
Бағалау критерийлері:	□ ондық бөлшектерді қосу және азайтуды «бағандап» орындайды және түсіндіреді; □ ондық бөлшектерді қосады; □ ондық бөлшектерді азайтады;
Құндылықтарды дарыту:	Құрметті топтық жұмыстар арқылы дарыту, топ ішіндегі бір бірін бағалау арқылы жауапкершілікті дарыту
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта, презентация
Пәнаралық байланыс:	.жаратылыстану
Бастапқы білім:	Ондық бөлшек. Натурал сандарды алу және қосу. Сан разрядтары

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (0-5 минут)	Амандасу. Психологиялық тренинг: оқушылар партаны айнала қоршап тұрады. «Қуанамын менде, қуанасын сенде, қуанамыз бәріміз!» деп барлығы бірге айтып, үш шапалақпен сабағымызды бастаймыз. Оқушыларды қағаз қималарын алу арқылы үш топқа бөлу. I-топ: «Жай бөлшек» II-топ: «Аралас сан» III-топ: «Ондық бөлшек» Бұдан кейін оқушылардан бүгінгі сабаққа дайындығын тексеремін. Тақтадағы дұрыс жауаппен үй тапсырмасын тексереді, әрбір дұрыс жауапқа + белгісін қояды. Үй тапсырмасы: 1. $6,4-0,5976=5,8024$ 2. $6,07-4,9=1,17$ 3. $9,41+7,089=16,499$ 4. $39,498+3,7=43,198$ 5. $17,209+2,91=20,119$ 6. $52,03-5,294=46,736$ 7. $11,461+8,0698=19,5308$ 8. $53,001-9,2972=43,7038$	Интербелсенді тақта
--------------------------------------	---	----------------------------

Сабақтың ортасы (6-35 минут)	1.Постермен жұмыс (қайталау сұрақтары бойынша) I-топ: Ондық бөлшектерді қалай қосады? II-топ: Ондық бөлшектерді қалай азайтады? III-топ: Ондық бөлшектерді қалай салыстырады? Қалыптастырушы бағалау: «Үш шапалақ» әдісі бойынша бағалау 2. « Эстафета» ойыны Әр топтан оқушылар кезекпен кезек шығып, тақтадағы есептерді бағандап орындайды: Амалдарды орынданыздар: $3,7+1,4=5,1$ $10-5,2=4,8$ $7,82-7,8=0,02$ $1,02+(1,7+4,8)=7,52$ $0,3+(1,7+2,5)=4,5$ $1,6+(5+3,4)=10$ $29,08-5,08=24$ $165,23-15,23=150$ $89-72,03=16,97$ $19,23+162,01=181,24$ $86,911+3,009=8,72$ $145,829+14,171=160$ $69,92-42,02-4,09=23,81$ $128,19-24,2-0,09=103,9$ $420,12-102,1-25,02=293$ Дескрипторлар: ☐ оқушылар ондық бөлшектерді қосады; ☐ ондық бөлшектерді азайтады; 3.Практикалық жұмыс (топпен жұмыс) Әр топқа қатты қағаздан жасалынған фигуралар беріледі. Олар: тік төртбұрыш, шаршы, үшбұрыш. Әр фигураның қабырғаларының ұзындықтарының берілгеніне қарай, периметрін анықтайды. 1-топ: Шаршының қабырғасының ұзындығы 21,4 см тең. Шаршының периметрін табыңдар. Шешуі: $a=21,4\text{см}$ $P=21,4+21,4+21,4+21,4=85,6\text{ см}$ Жауабы: 85,6 см 2-топ: Үшбұрыштың қабырғалары 21,4 см, 18,7 см және 20,5 см-ге тең. Үшбұрыштың периметрін табыңдар. Шешуі: $a=21,4\text{см}$ $b=18,7\text{см}$ $c=20,5\text{см}$ $P=21,4+18,7+20,5=60,6\text{ см}$ Жауабы: 60,6 см 3-топ: Тіктөртбұрыштың ұзындығы 23,1 см, ал ені 17,2 см-ге тең. Тіктөртбұрыштың периметрін табыңдар. Шешуі: $a=23,1\text{см}$ $b=17,2\text{см}$ $P=23,1+17,2+23,1+17,2=80,6\text{ см}$ Жауабы: 80,6 см Дескрипторлар: ☐ тіктөртбұрыштың периметрін табудың анықтамасын еске түсіре отырып, табады; ☐ үшбұрыштың анықтамасын еске түсіре отырып , периметрін анықтай алады; ☐ шаршының анықтамасын еске түсіре отырып, периметрін анықтайды. Қалыптастырушы бағалау: «Бас бармақ» әдісімен бағалау Басбармақ жоғарыға қарай = Мен түсінемін. көлденең = Мен түсінгендеймін. Басбармақ төмен қарай = Мен түсінбедім. . Сергіту сәті: (оқушылар логикалық тапсырманы теңдеу құру арқылы шығарады) Нәзира бір сан ойлады. Ол ойлаған санға 14,8-ді қосып, одан шыққан қосындыдан 3,56-ны азайтқанда 75,29 саны шықты. Нәзира қандай сан ойлады? Шешуі: Ойлаған сан – x $(x+14,8)-3,56=75,29$ $x+14,8=75,29+3,56$ $x+14,8=78,85$ $x=78,85-14,8$ $x=64,05$ Жауабы: 64,05	.Интерактивті тақта, сызғыш, маркерлер, флипчарт, оқулық
Сабақтың соңы (36-40 минут)	Қорытынды (Ойлан тап) Әр топқа сандар жазылған бұлттар беріледі. Сол сандарды өсу немесе кему ретімен жазғанда әр топта сөздер шығады	.Сызғыш, карандаш, өшіргіш геометриялық фигуралар

Рефлексия	1. Сабақ барысында өзгертулер енгізілген жоқ. Сабақ өз деңгейінде өтті. Оқушылардың сабаққа дген қызығушылықтары артып, блсенділіктерін жоғары деңгейде көрсете білді. 2. Топпен жұмыс және логикалық есепті теңдеу құру арқылы шығаруда оқушылар белсенділіктерін көрсете білді.	.
-----------	---	---